

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жалпекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикации не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. I том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: XVIII Материалы международного Евразийского научного форума. I том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 193 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразиялық ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

ортағасырлық Бозоқ қалашығын зерттеу жалғасын тапты. Факультеттің археология кафедрасының ғалымдары Семей өңіріне, ұлы Абайдың отанында Шыңғыстау археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, қола дәуіріне қатысты мол жәдігерлерді тауып, көрмелер ұйымдастырды. Университет ректоры, академик Е.Б. Сыдықов төрағалық ететін ҚР тарихшыларының Ұлттық Конгресі Еуразия ұлттық университеті тарихшылар қауымының ғылыми ізденістерін бағыттап ұйымдастыратын штабқа айналды. Конгрестің мәртебесі, ұйымдастыру жұмысы республика көлемінде де жүргізілуде.

Тарихи зерттеуге тың серпін беріп, жаңа бағыттарға жол сілтеген «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары еді. Осы мақаладағы Елбасының «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтармен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінік болуға тиіс» деген ойы – тарихқа деген дұрыс ұстаным. «Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады», деген сөздері ұлт тарихының бүгінгі күнгі тұжырымдамасын нақтылай түскені анық. Ал Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы... «Қазақстанның жаңа тарихын жүйелі зерттеген жөн» деген сөздерін тарихшылар ұлт тарихын зерттеудегі жаңа ұстаным, мемлекет басшысының тапсырмасы ретінде қабылдады. Президент Қ.К. Тоқаевтың «... ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек» [3], дегені тарих ғылымына деген қолдау деп түсінген жөн. Тарихқа мүлдем қатысы жоқ, бірақ өздерін осы саланың «білгірі» санайтындарға айтылған ескерту деп түсінеміз және толық қолдаймыз. Әркімнің өзінің біліміне, біліктілігіне қарай қалам тартқаны дұрыс болар еді. Сонда ғана тарих бетіндегі «ақтаңдақтар» жойылып, оның ой шұқырлары ұлт тарихының жаңа ұстанымымен толығар деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. -369 б.
3. Тоқаев Қ.К. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы <https://informburo.kz/kaz/tauelsizdik-baerinen-khymbat-prezident-makhalasynung-tolykh-maetini>
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
5. Тәуелсіздік және ұлттық тарих. www.egemen.kz сайтынан: <https://egemen.kz/article/276782-tauelsizdik-dgane-ulttyq-tarikh>

Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН ДӘРІШТЕУДЕГІ МУЗЕЙДІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-Стратегиялық даму жөніндегі проректор /
Қазақстан Республикасы

Ахметова С.М.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Білім тарихы» музейінің меңгерушісі /
Қазақстан Республикасы

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылы көтерген «Еуразиялық идеясының» негізінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 1996 жылы 23 мамырда құрылды. 2002 жылдың 1-қазанында Л.Н. Гумилевтің Музей-кабинеті ашылып, күні бүгінге дейін жұмыс істеп тұр. Бастапқыда музей-кабинет Еуразиялық зерттеулер лабораториясы болғанымен, қазір тек музей ретінде жұмыс атқарады. Осы уақыт аралығында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен халықаралық конференциялар мен түрлі

ғылыми шараларға қатысқан дүние жүзіне әйгілі ғалымдар мен оқымыстылар музеймен танысып, жақсы лебіздерін білдіріп келеді.

Шын мәнінде, музей – білім беру мекемелері арқылы қоғамға және бұқаралық мәдениетке сіңірілетін ғылыми, әрі көркемдік құндылықтар жүйесі болғандықтан, қоғамдағы символикалық тәртіп пен ынтымақтастықтың дамуына ықпал ете отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүдделі орын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының 4-тарауында (IV. Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі) білім беру сапасын жақсарту мәселесіне тоқталған. Онда, ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап ететіндігін және ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмайтындығын қадап айтқан еді. Отандық ғылым жүйесі қаншалықты сапалы әрі тиімді? – деген сауалды қоя отырып, аталған мәселені ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру және оларды тәжірибеде қолдану тұрғысынан қарастырғаны жөн, - деп бағдар берген [1]. Осы айтылған ғылыми-зерттеулердің деңгейін көтеру барысында тәжірибеде қолданудың бірден-бір айшықты да тиімді жолдарын музей ісінде жүзеге асыруға болады деп санаймыз. Гуманист-ғалым Л.Н. Гумилевтің «...обычно учат историю, как сушёные грибы на ниточку нанизывают, одну дату, другую — запомнить невозможно. Историю надо учить, как будто перед тобою ковёр. В это время в Англии происходило то-то, в Германии — то-то... Тогда ты не перепутаешь, потому что будешь не запоминать, а понимать» [2], - дегенде, музейдегі экспозиция үрдісін меңзеген болар деп топшылаймыз. Себебі, өзі де Мемлекеттік Эрмитаждағы Орталық ғылыми кітапханада жұмыс істеп, тәжірибе жинақтағандықтан музей ісін жетік білгендігіне күмән жоқ.

Лев Николаевич Гумилев заңды түрде Ресейдің көрнекті ғалымы ретінде танылған тұлға. Оның иелігінде 200 мақала мен 14 монография, этнология бойынша теледидар мен радиода жазылған дәрістер, көптеген сұхбаттар мен қызықты тарихи-мәдени мақалалар, сонымен қатар өлеңдер, драмалар, әңгімелер, поэзия аудармалары бар.

Л.Н. Гумилев көшпенділердің әлем тарихына қосқан үлесін бұрмалап көрсетуге тырысқан еуроцентристік біржақты пікірлерге үнемі қарсы шықты. Лев Гумилев көшпенділер тарихынсыз әлем тарихын тұтастай қарастыру мүмкін еместігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Оның ғылыми мұрасын «Ғұндар» (1960), «Хазарияның ашылуы» (1966), «Ежелгі түркілер» (1967), «Қиял патшалығын іздеу» (1970), «Ежелгі Русь және Ұлы Дала», «Этногенез және Жер биосферасы» (1989) және Еуразия халқы тарихы туралы тағы басқа зерттеулері құрайды.

Лев Гумилев түрік текті халықтарды шексіз сүйгендігі, өзін түрік текті халықтарға тән есіммен Арсыланбек деп атағаны да дәйекті ойларымен ұштасып отырады. Ғалымның «...истинная дружба народов возможна только при глубоком уважении к достоинству, чести, культуре, языку и истории каждого народа, широком общении между ними. Мы должны всячески способствовать дальнейшему расширению контактов национальных культур, их взаимному обогащению, их подъему и расцвету» [3], - деген ұстанымына сәйкес Еуразияны мекендеген этностардың тарихи-мәдени контексті негізінде музейдегі экспозицияларды қосымша ақпараттармен (кітап, фотосурет, экспонат) толықтыру маңызды болмақ.

Музей ісінің ішкі, астарлы қырларын ашу мақсатында ғалымның әрбір еңбегін мұқият қарай отырып, Л.Н. Гумилевтің қазақ халқы туралы және қазақтың пассионар тұлғаларына қатысты тұшымды жазбаларын терең қазбалау музей экспозициясын толықтыруға оңықпалын тигізетіні хақ.

Л.Н. Гумилев зерттеулерінде түрік текті халықтардың пассионар тұлғаларының қоғамдағы саяси, тарихи-мәдени рөліне тоқтала отырып, олардың саяси өмір сүрген ортасының ландшафты мен этникалық ғұрыптық ұстанымдарының маңыздылығына назар аудартады. Мәселен, Л.Н. Гумилев еңбектеріндегі Жошы хан, Найманның ханы Инанч-хан (Білге Бұқа-хан), Кит-бука (Кетбұқа), Күшілік хан, Нарқыш-Таян, Таян-хан және т.б. қазаққа

қатысты тұлғалар елге көнеден ауызша әдебиет арқылы жетіп, аңыздық-тарихи тұлғалар ретінде танылған.

Лев Гумилевтің «Қиял патшалығын іздеу» (Поиски вымышленного царства (Легенда о «Государстве пресвитера Иоанна») атты кітабына жазған алғы сөзінде профессор С.И. Руденко мынадай ой айтады: «Книга носит заглавие «Поиски вымышленного царства». На первый взгляд речь идет о разборе исторического курьеза, каковым и было царство пресвитера Иоанна. Но за этим курьезом скрывались целая эпоха в истории кочевых народов Центральной Азии, полная важных и драматических событий, результаты которых оказали огромное влияние на весь ход всемирной истории» [4, 6-7 бб]. Әлем тарихындағы күрделі өзгерістерге әсер еткен бұл оқиғалар Иоанн пірәдар мен оның патшалығы турасында шыққан көптеген аңыздар желісін Л. Гумилев зерттеу нысанына айналдырған. С.И. Руденко Ұлы Дала тарихындағы Түрк қағанаты құлдыраған ҮШ ғасыр кезеңі мен ХІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы Моңғол империясының әлемді жаулап алу мақсатында жүргізген басқыншылық ролін суреттеу желісінде Л. Гумилев трактат жанрында жазғандығын атап өтеді. Өйткені, бұл жанр оған ойын бір арнаға тоғыстырып, оқырманға жеткізу амалында мәселені шешу үшін бірқатар ғылымдардың әдістемесі мен жетістіктерін қолдануға мүмкіндік бергендігін ескереді. Еуразия көшпенділердің өмір салтын, ғұрыптық элементтеріне назар аударта отырып, «... ол этнология деп атауға болатын бірқатар ғылымдардың деректерінің синтезін қамтитын қажетті қадам», - деп баға берген.

Л.Н. Гумилев «Кит-бука нойон» зерттеуінде Кетбұқаның Палестина жерінде әскер басы болғандығын (20000 әскер), 1260 жылдың 3 қыркүйегінде Айн-Джалуд жерінде Кетбұқаның тұтқынға түскенін және Құтызоның басын алғанын жаза келіп, Кетбұқаның кегін Бейбарыс сұлтанның қайтарғанын мәлімдейді. Сұлтан Бейбарысқа қатысты тарихи жазбалардан Құтыз Бейбарыстың досы болғандығы мәлім. Бейбарыс Құтызды өлтіреді [6, 206-208 сс]. Кетбұқа туралы деректер Рашид ад-диннің 1300-1316 жылы жазған «Жамихат-тауарих» атты бес томдық кітабында бар. Бұл еңбек 2019 жылы қазақ тілінде аты әлемге әйгілі тарихшы-ғалым Рашид ад-дин Фазлаллах ибн Имад ал-ДаулаАбул-Хайр Али Хамаданидың «ЖамиғатТауарих» (Тарихтар жинағы) 5 томдығы жарыққа шыққан болатын. Тарихшы ғалым Б. Аяған бұл кітаптың «тікелей Отан тарихына, тікелей қазақ тарихына қатысы бар», екендігін айтып, «Күңгірт заманнан» жеткен ұлы жазбаша ескерткіш» деген қомақты мақала жазды. Онда, автор Кетбұқа туралы мынадай ой айтады: «Тағы да маңызды дерек қазақ тарихында өз орны бар Кетбұқа жырау туралы. Найманнан шыққан Кетбұқа әрі жырау, әрі жауынгер, ірі қолбасшы болған. Кетбұқа ноян Хулагу ханның 300 мыңдай әскерімен Шам, Халеп, Мысыр елін шабуылдаған адам. Кетбұқа ноян ерлігімен қазақ еткенін автор тәптіштеп тұрып суреттейді. Мысыр елін ол кезде түркі мамлюктар (Бундуктари) басқарған болатын. Демек, бұл соғыста екі жақтан да түркі жауынгерлері соғысқан. Бұл соғыста Құддүс басқарған мамлюктер әскері (Бейбарыс та болғандейді – Б.А.) Кетбұқа ноянды қоршап қолға түсіреді» [7].

Міне, бір ғана мысалдан байқағанымыздай Л.Н. Гумилевтің еңбектеріндегі қазақ тарихына қатысты деректер негізінде музей экспозициясын толықтыру ізгі бастама болмақ. Қазақ тарихына қатысты сұхбатында ғалымның: «Каждый этнос связан со своим ландшафтом. Возникая, переживая период младенчества, становления, народ вживается в свой ландшафт, приобретая этнопсихологические черты. Даже при перемене места обитания каждый народ старается выбрать себе для жизни место, похожее на прародину», - дегені бар. Сондай-ақ, Э. Дильмухамедоваға берген сұхбатында қазақтар туралы соны ойларымен бөліскен: «Қазақ сөзінің өзін әртүрлі халықтар қолданған. Польшадан Запорожьеге қашқан алғашқы орыстар және хазар-славян тектес православ Дон, Кубань және Терек тұрғындары өздерін «казактар» деп атады. Түркі халықтары, татарлардан басқасы, өздерін «казактар» деп атады, өйткені Алтын Орда ханының адал азаматтары татарлар деп аталып, ал казактар олардан бөлек еркін көшпенділер еді. Алтын Орда ыдыраған кезде ғана қазақ этнонимінің қалыптасуы туралы айту мүмкін болды. Әрине, халық одан бұрын да өмір сүргені белгілі.

- Сауыр, Тарбағатай, Алтай - жазықтар, бұл өте алуан түрлі ландшафтта этнос пайда болған, содан кейін Еділге дейінгі шексіз кең далаға жайылған. Қазақтар өте бай, жайлы, табиғаты қолайлы елден шыққан» [8].

Л.Н. Гумилевтің еңбектеріндегі қазақтарға қатысты тарихи пассионар тұлғаларды музейде арнайы экспозиция арқылы дәріптеу бүгінгі жастарды ізгі ізденістерге бастауға себепші болары хақ.

Қазір елімізде музей ісіне қызығушылар көбейіп келеді. Дегенмен, музейге қатысты отандық зерттеу еңбектері аз. Музей материалдарын пайдаланудың мүмкіндіктері мол екендігін Д.К. Омаров «Педагогикалық пәндерді оқыту жағдайында мұражай материалдарын пайдаланудың мүмкіндіктері» атты мақаласында қозғаған. Ол музейдің және музей материалдарының білім беру қызметін атқаратындығын және әсер ету құралы ретінде үш бағытта жүзеге асыратындығына тоқталып өткен:

- А) танымдық бастаманы күшейту;
- Б) дүниетанымды қалыптастыру;
- В) жалпы және гуманитарлық мәдениетті дамыту.

Бұл қызмет екі озық қағидадан құралады – танымдық мағлұмат алу және тарихты тану екендігін баса назарға ала отырып, зерттеуші музейдің білім беру қызметінде дүниетанымдық және танымдық элементтердің өзара шарттылық үйлесім маңыздылығын ескерген. Сондай-ақ, музейтанушы Ресейлік ғалым Н.Д. Соколованың музей қызметін топ-саяхат типологиясында қарастырған тұжырымы бойынша – таныстыру арқылы білім беру, ойды дамыту және тәрбие мектебі екендігін және рухани мәдениетке апаратын жол деп ой қорытқан [9, 161-165].

Осы жерде біздің де ойымыз бір нүктеде түйіседі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakistan-halkyna-zholdauy
2. Беляков С.С. Гумилёв сын Гумилёва. <https://history.wikireading.ru/54463>
3. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры, т.ғ.д., профессор Е.Б. Сыдықовтың «Л.Н. Гумилевтің ғылыми шығармашылығы және Еуразия халықтарының тарихы: қазіргі заманғы көзқарастар мен перспективалар» VIII Халықаралық Еуразиялық ғылыми форумында сөйлеген сөзінен, 2011 ж. 11 қазан.
4. Гумилев Л.Н. Поиски вымышленного царства. - Москва: Айрес Пресс, 2004 г. - 426 стр.
5. Гумилев Л.Н. Поиски вымышленного царства. - Москва: Айрес Пресс, 2004 г. - 426 стр.
6. Аяған Б. «Күңгірт заманнан» жеткен ұлы жазбаша ескерткіш.- <https://ruh.kz/kz/news/sobytiya/5784>
7. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. - Москва: Айрес Пресс, 2016 г., - 560 стр.
8. Гумилев Л. Қазақ этносының шығу тегі. Э. Ділмұхамедовамен жеке сұхбат. 1985 ж. Музей қорындағы қолжазба.
9. Омаров Д.К. «Еуразия кеңістігіндегі педагогикалық білім берудегі өзекті мәселелер: даму келешегі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Семей, 2016. 161-165 бб.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ДЕМОГРАФИЯ – КЛЮЧЕВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ГУМАНИТАРНЫХ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Жеребцов И.Л., д.и.н., профессор

Федеральный исследовательский центр «Коми научный центр Уральского отделения Российской академии наук», председатель Президиума, директор Институт языка, литературы и истории / Российская Федерация

«Сколько нас? Откуда мы появились? Давно ли живем на этих землях?» – такие вопросы часто задают представители каждого народа. Сегодня численность населения Земли приближается к 8 миллиардам. А в 1987 г. было 5 миллиардов. Менее чем за 35 лет человечество увеличилось почти на 3 миллиарда! Заметно активизировались миграционные процессы. Никогда прежде вопросы: «Сколько нас будет через 10–20 лет? Где мы будем жить и кто будет жить рядом с нами?» – не имели такой остроты, не волновали в такой